

**Мәскеу және бүкіл Русь Патриархы КИРИЛЛДЫҢ архипастырларға,
пастырларға, диакондарға, монах қызметіндегілерге және барлық Орыс
Православие Қауымының сенімді ұл-қыздарына Рождестволық
жолдауы**

Құдайдың махабаты бізге, Ол Өзінің
Біртұған Ұлын, біз Ол арқылы өмірге ие болу
үшін жібергені арқылы ашылды
(1 Ин. 46 9)

**Аса қасиетті архипастырлар, қадірлі пресвитерлер мен диакондар,
Құдайды сүйген иноктар мен инокиялар, қымбатты аға-інілер мен
әпке-қарындастар!**

Құдай Ұлының денеленіп келгеніне шаттыққа толы шын жүрегіммен барлықтарыңды жарқын және өмір шашқан біздің Иеміз және Құтқарушымыз Иисус Христостың Рождество мерекесімен құттықтаймын.

«Жоғарыдағы Құдайға даңқ, және жер бетінде тыныштық, адамдарға ризалығы зор!» (Лк. 2, 14). Жылдан жылға Құтқарушының бізге деген айтуға сөз жетпейтін кешірілімділігін даңқтай отырып, біз, Вифлеем бақтаншылары тәрізді, Періштеден *«барлық адамдарға болатын, ұлы қуанышты»* (Лк. 2, 10), Оның келуін алдын ала айтқан даңқты пайғамбарлар және көптеген адамдар күткен Мессияны рухани көзімізбен көруге асығамыз.

Пайғамбар Аггей айтқан, *барлық қалықтар қалаған* (Агг 2, 7) құл кейінін алып, *адам болып, Өзін қорлайды* (Флп. 2, 7). Әлемнің Әміршісі өзіне императордың сарайын да, бұл әлемнің билеушілерінің орынын да, байлар мен әйгілілердің орындарын да таңдамайды. Оған қонақ үйде де орын табылмады. Құдай Ұлы мал жататын үңгірде дүниеге келді, жануарлардың оттығы Оған бесік болды.

Үңгірден кедейрек не бар және Құдайдың байлығының жарығы шашылған ақ шаңдақтан кіші пейілді не бар? Біздің құтқарылуымыздың Құпиясына *кедейлікті* таңдап алып (мерекенің Ипакоиы), Христос біздің өміріміздегі аса маңызды: билік, байлық, даңқ, дегдар тұқымды және әлеуметтік мәртебені әдейі қабылдамады. Ол бізге басқа өмірді, тәкапарлық пен ашуды жеңетін, кішіпейілдік пен махаббат заңын ұсынады. Бұл заң арқылы адамның әлсіздігі Құдайдың құт-берекесімен қосылып, осы

заманда билік ұстаушылар төтеп бере алмайтын күшке айналады. Құдайдың құдіреті жер бетіндегі ұлылықта әлде өмірдегі амандық-саулықта өзін көрсетпейді, бірақ қарапайымдылықта және жүректің кішіпейілдігінде көрсетеді.

Аса мәртебелі Серафим Саровскийдің сөзі бойынша, *«Құдай Ие, Құдайға деген және жақынға деген махаббатқа толы жүректі іздейді, – Ол салтанатты отыруға ұнатқан тақ осы... «Ұлым, Маған өзіңнің жүрегіңді бер, – дейді Ол, – ал басқасын Мен Өзім орындаймын саған», өйткені адамның жүрегіне Құдай Патшалығы сияды»* (Христиан өмірінің мақсаты туралы әңгімелер). Құдай Ие кедейлерден және үйсіздерден жиренбейді, ақшалары аздарды, абыройсыз жұмыстары барларды жек көрмейді, оның үстінде жарымжандарды әлде ауру адамдарды кемсітпейді. Бұның бәрі өзімен адамды Құдайға жақындатпайды да, алыстапайды да, сондықтан адамды жабырқаулыққа құлатпауы керек әлде жоятын торықпаулықтың себебі болмауы керек. Құтқарушы біздің өзімізден талап етеді. Ұлым менің! Қызым менің! Маған өзіңнің жүрегіңді бер, – деп бізді Ол Өзіне шақырады (Притч. 23, 26).

Ғажап Рождество мерекесі бізді, *біздің өмірге ие болуымыз үшін, артығымен өмірге ие болуымыз үшін Өзі келген* (Ин. 10, 10), және Өзі жалғыз дұрыс жол болған және мызғымас ақиқат және нағыз шындық (Ин. 14, 6) болған Христостың артынан тапжылмай еруіміздің қажетілігін еске салады. Сөзсіз кездесетін қиындықтар бізді қорқытпайды, біздің басымызға түскен сынаулықтар бізді ешқашан жасыта алмайды, өйткені бізбен бірге Құдай! Құдай бізбен бірге, сонымен біздің өмірімізден қорқыныш кетеді. Құдай бізбен бірге, және біз рухани тыныштық пен қуанышқа иеміз. Құдай бізбен бірге, және біз Оған тұрақты ниетпен жерде жиһан кеземіз.

Христостың артынан ере, адам осы өмірдің сұрапылына қарсы тұрады. Ол кездескен ырыққа бағынбай, бұл жолда тұрған күнәнің тосқауылын батыл жояды. Өйткені тек күнә бізді Құдайдан алыстатып, біздің өмірімізді шынымен де ашты қылады. Тек ол ғана, Құдайдың махабатының жарығын бөгейді, бізді көптеген бақытсыздыққа жетелеп, біздің жүрегімізді басқа адамдарға қатайтады. Күнә, бізге Қауым арқылы берілетін тек Киелі Тынның құт-берекесі арқылы жойылады. Біз қабылдаған Құдайдың күші біздің ішкі әлемімізді жаңғыртып, Құдай Иенің еркіне сәйкес сыртқы әлемді өзгертуге көмектеседі. Сонықтан, солай немесе өзгеше түрде қауымдық бірлестіктен шықандар, қурап қалған ағаш тәрізді шынымен де игілікті жемістер әкелу қабілеттігін жоғалтады.

Украина тұрғындарына бүгін жеке сөз айтқым келеді. Украина жерінде болып жатқан бірін-бірі өлтіретін ағайындылар тұспа-тұс соғыста, жүректе болған өшпенділік қауымның балаларын бөлмеу керек. Нағыз христианин жақынын да, алысын да жек көре алмайды. *«Сендер естідіңдер ме, – дейді Оны тыңдағандарды Құдай Ие, – жақыныңды жақсы көр, ал дұшпаныңды жек көр: дегенді естідіңдер*

ме? Ал Мен сендерге: дұшпандарыңды сүйіңдер,... сендердің Аспан Әкелеріңнің ұлдары болыңдар, өйткені Ол Өзінің күнін жауыздар үшін де игілер үшін де шығуға бұйрық береді» (Мф. 5, 43-45). Құтқарушының осы сөздері біздің барлығымызға өміріміздің жетекшісі болсын, басқаларға деген қаһар мен жек көрушілік біздің жүрегімізде ешқашан орын алмасын.

Орыс Православие Қауымының барлық ұл-қыздарын Украинада болып жатқан қантөгітің тоқтатылуы үшін, соғыста алған денелік және ішкі жарақатардың жазылуына күрделі мінажат айтуға шақырамын. Храмда да үйде де Құдайдан осы жайында сұрайық, сонымен қатар біздің елімізден алыс тұратын қару-жарақты жанжалдан азап шеккендер үшін де мінажат айтайық.

Осы Рождестволық нұр шашатын түні және келесі киелі күндерде Өзінің адамдарға деген махаббаты үшін келген біздің Құтқарушымызды және Құдай Иемізді мадақтайық және дәріптейік. Библиялық бақшылар тәрізді Құдайнәресте Христосқа өзіміздің сыйлықтарымызды алып келейік: алтынның орнына – біздің шынайы махаббатымызды, хош иісті шайырдың орнына – жылы мінажатты, смирнаның орнына – жақындарымыз бен алыстағыларымызға мейірімді және қамқарлы болайық.

Тағы да барлықтарыңды, қымбаттарым менің жарқын Рождество мерекесімен, сонымен қатар Жаңа жылдарыңмен құттықтай отырып, Құдай Иеміз Иисустың берекелі мейірімін мінажатты тілеймін. Аумин.

МӘСКЕУ ЖӘНЕ БҮКІЛ РУСЬ ПАТРИАРХЫ

Христос Рождествосы,

2015/2016 ж.,

Мәскеу қ.